

Г. РИЗАХОДЖАЕВА¹✉, И. УСЕМБАЕВА¹, Б. БАЙМУХАНБЕТОВ¹

¹Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан), e-mail: grizahodja@gmail.com

**МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЯХАТҚА ДЕГЕН ЫНТАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ
SOFT SKILLS ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ (Жас ерекшеліктеріне қарай)**

Аңдатпа. Мақала мектеп оқушыларының туризмге деген қызығушылығы мен ынтасын арттырудағы soft skills дағдыларының рөлін зерттейді. Зерттеу барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған білім беру туризмі, мәдени туризм және табиғат туризмі сияқты түрлі туризм тәжірибелері қарастырылды. Туризм мен саяхат іс-әрекеттері арқылы оқушылар коммуникация, командалық жұмыс, шығармашылық ойлау, көшбасшылық және проблемаларды шешу сияқты soft skills дағдыларын тиімді дамыта алды. Деректерді жинау үшін сауалнама, бақылау, рефлексия журналы және сұхбат әдістері қолданылды. Алынған нәтижелер туризм тәжірибесіне қатысқан оқушылардың барлық қарастырылған дағдылар бойынша айтарлықтай өсуін көрсетті. Туризм іс-әрекеттері оқушыларға жаңа адамдармен танысу, топтық тапсырмаларды орындау, шығармашылық шешімдер табу және жауапкершілікті өз мойнына алу мүмкіндігін берді. Саяхат барысында оқушылардың тұлғалық даму деңгейі көтеріліп, туризмге деген қызығушылығы арта түсті. Зерттеу барысында жыныстық ерекшеліктерге байланысты дағдылардың дамуының айырмашылықтары да анықталды: қыз балалар коммуникация және шығармашылық ойлау саласында, ал ұл балалар командалық жұмыс пен көшбасшылық қабілеттерінде белсенді болды. Мақала туризмді білім беру процесіне интеграциялау арқылы мектеп оқушыларының тұлғалық дамуын, туризмге қызығушылығын және саяхат тәжірибелерін тиімді пайдалану жолдарын көрсетеді. Туризм іс-әрекеттерінің тәрбиелік, дамытушылық және әлеуметтік әлеуеті талданып, практикалық ұсыныстар әзірленген. Зерттеу нәтижелері мектеп жасындағы оқушыларға туризмді және саяхаттарды тұлғалық даму мен soft skills қалыптастыру құралы ретінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: туризм, білім беру туризмі, саяхат, soft skills, жас ерекшелігі, туризм тәжірибесі.

Кіріспе

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – жан-

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз: Ризаходжаева Г., Усембаева И., Баймуханбетов Б. Мектеп оқушыларының саяхатқа деген ынтасын арттырудағы soft skills дағдыларының рөлі (Жас ерекшеліктеріне қарай) // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2025. –No3(9). – б. 160–172. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-3.13>

*Cite us correctly: Rizahodjaeva G., Usembaeva I., Baimuhanbetov B. Mektep oqushylarynyñ sayahatqa degen yntasyn arttyrudağy soft skills dağdylarynyñ röli (Zhas erekshelikterine qaraj) [The role of soft skills in increasing the motivation of schoolchildren to travel (by age)] // Bulletin of the International university of Tourism and Hospitality. –2025. –No3(9). – b. 160–172. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-3.13>

жақты дамыған, білімді әрі әлеуметтік белсенді тұлға қалыптастыру болып табылады. Бұл үдерісте тек академиялық білім мен кәсіби дағдыларды меңгеру жеткіліксіз, сонымен қатар өмірде табысты болуға ықпал ететін әмбебап қабілеттерді дамыту қажеттілігі туындайды. Осындай әмбебап дағдылардың ішінде *soft skills* ерекше маңызға ие. *Soft skills* – қарым-қатынас жасау, ойды еркін жеткізу, командада жұмыс істеу, сыни тұрғыдан ойлау, эмоционалды интеллект пен көшбасшылық қабілеттерді қамтитын дағдылар кешені. Қазіргі таңда бұл дағдылар кәсіби ортада ғана емес, күнделікті өмірде де тұлғаның әлеуметтенуінде шешуші рөл атқарады.

Мектеп оқушылары үшін *soft skills* дағдыларын қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі – саяхат. Саяхат дәстүрлі білім беру үдерісін кеңейтіп, оқушылардың мәдени және табиғи құбылыстармен танысуына мүмкіндік береді. Ол тек таным көзі ғана емес, тәжірибелік дағдыларды дамытудың қолайлы ортасы болып табылады. Саяхат барысында оқушылар жаңа адамдармен қарым-қатынасқа түседі, әртүрлі жағдайларға бейімделуді үйренеді, пікір алмасады, ортақ шешім қабылдауға машықтанады. Мұндай тәжірибе олардың эмоционалды интеллектісін дамытуға, өзін-өзі бағалауын арттыруға және әлеуметтік белсенді азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Soft skills дағдылары әр жас кезеңінде түрлі деңгейде қалыптасады. Бастауыш сынып оқушылары үшін саяхат – қоршаған ортаны танудың, табиғатқа қызығушылықты арттырудың және топпен әрекет ету қабілетін дамытудың маңызды құралы. Орта буын оқушылары үшін саяхат өз ойын жеткізу, ынтымақтастық орнату, жаңа ақпаратты меңгеру және оны өмірлік жағдаяттарда қолдану мүмкіндігін кеңейтеді. Жоғары сынып оқушылары үшін саяхат – сыни тұрғыдан ойлау, көшбасшылық, жауапкершілік пен дербес шешім қабылдау сияқты күрделі *soft skills* дағдыларын дамыту алаңы. Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып саяхаттың тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін айқындау өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Қазіргі кезеңде білім беру мен туризмнің өзара ықпалдастығын зерттеу маңыздылығы артып келеді. Туризм мәдени-танымдық қызмет қана емес, сонымен бірге тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудың пәрменді тетігі ретінде қарастырылуда. Әсіресе мектеп жасындағы оқушылар үшін ұйымдастырылатын саяхаттар олардың өмірлік тәжірибесін байытып, *soft skills* дағдыларын табиғи жағдайда қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың саяхатқа деген ынтасын арттыруда *soft skills* дағдыларының рөлін айқындау теориялық және практикалық тұрғыдан аса маңызды.

Зерттеудің мақсаты – мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, саяхат үдерісінде *soft skills* дағдыларын дамыту арқылы олардың саяхатқа деген ынтасын арттыру жолдарын анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

1. *Soft skills* ұғымының теориялық негіздерін, құрылымдық элементтерін және білім беру жүйесіндегі маңызын талдау;
2. Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес саяхаттың тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін айқындау;
3. Саяхат барысында оқушылардың *soft skills* дағдыларын дамытуға ықпал ететін педагогикалық және әлеуметтік факторларды зерделеу;
4. Мектеп оқушыларының саяхатқа деген ынтасын арттыруда *soft skills* дағдыларының рөлін негіздеп, практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу жұмысы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып *soft skills* дағдыларын дамыту тетіктерін айқындауға және білім беру мен туризмді ықпалдастыру арқылы олардың саяхатқа деген ынтасын арттыруға бағытталған.

Әдебиетке шолу

Soft skills дағдыларының оқушылардың тұлғалық дамуындағы рөлі педагогикалық ғылымда кеңінен қарастырылуда. Жұмабаева [1] зерттеуінде бұл дағдылардың оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудағы ықпалын талдап, олардың болашақтағы табыстылығына тікелей әсер ететінін көрсетеді. Әлкебаева [2] оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай танымдық қабілеттерінің даму ерекшеліктерін айқындай отырып, *soft skills* қалыптасуының психологиялық негіздерін ашады.

Мемлекеттік деңгейде де бұл мәселе назардан тыс қалған жоқ. Қазақстан Республикасының туристік саланы дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында [3] туризмнің білім беру мен тәрбиедегі әлеуеті атап өтіліп, жастардың тұлғалық дамуына жағдай жасауға баса назар аударылған. Сарбасова [4] туризм саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін қарастырып, *soft skills* дағдыларын кәсіби даярлықтың маңызды құрамдасы ретінде сипаттайды.

Soft skills пен туризмнің өзара байланысын Нұржанова [5] мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан зерттеп, саяхат барысында тұлғааралық қарым-қатынас пен тілдік құзыреттердің арта түсетінін көрсетеді. Ал Мухина [6] жас ерекшеліктер психологиясына сүйене отырып, әрбір даму кезеңінің өзіндік ерекшеліктерін айқындайды. Бұл мәліметтер оқушылардың саяхат барысында *soft skills* қалыптасуын жас кезеңдеріне қарай қарастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Киселева [7] мектеп оқушыларының *soft skills* дағдылары сабақтан тыс іс-әрекеттерде қарқынды дамитынын атап өтсе, Смирнова [8] саяхаттың тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін көрсетіп, оқушылардың тұлғалық қасиеттеріне әсерін сипаттайды. Карпова [9] туризм саласында оқитын студенттердің *soft skills* қалыптасуын талдап, олардың болашақ кәсіби іс-әрекетінде шешуші рөл атқаратынын анықтайды. Сидорова [10] мектеп оқушыларының саяхат арқылы коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларының дамуын педагогикалық тұрғыдан негіздейді.

Халықаралық зерттеулерде де *soft skills* дағдыларының маңызы жан-жақты дәлелденген. Heckman және Kautz [11] еңбегінде еңбек нарығында табысты болудың басты шарттарының бірі ретінде *soft skills* қарастырылған. Robles [12] қазіргі жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес негізгі он *soft skills* дағдысын анықтайды. Zehrer және Mössenlechner [13] туризм саласы түлектерінің негізгі құзыреттерін жұмыс берушілер көзқарасымен қарастырса, Succì мен Canovi [14] студенттер мен жұмыс берушілердің *soft skills* туралы түсініктерін салыстырады.

Туризм білімінде *soft skills* маңызы Fidan [15] еңбегінде ашылып, кәсіби даярлықта бұл дағдылардың өзектілігі атап өтіледі. Richards пен Wilson [16] мәдени іс-шаралардың қалалық туризмге әсерін қарастырып, олардың әлеуметтік-мәдени *soft skills* қалыптасуына ықпал ететінін көрсетеді. OECD [17] халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, оқушылардың әлеуметтік-эмоционалды оқуын дамыту бойынша ұсыныстар береді.

Соңғы жылдары *soft skills* дағдыларын дамытуда интердисциплинарлық тәсілдердің

тиімділігі атап көрсетілуде. Vasconcelos, Correia және Oliveira [18] туризм студенттерінің soft skills дамыту тәжірибесін сипаттап, білім беру бағдарламаларының интеграциялық сипатына назар аударады. Silva және әріптестері [19] Португалия жағдайында туризм индустриясында soft skills қалыптастырудағы жоғары оқу орындарының рөлін қарастырады. Ал Rienda, Ruiz-Fernández және Andreu [20] Италия мен Испания тәжірибесін салыстыра отырып, болашақтағы туризм саласында soft skills дағдыларының стратегиялық маңызын айқындайды.

Жалпы алғанда, талданған әдебиеттер soft skills дағдыларының оқушылардың тұлғалық дамуы мен саяхатқа деген ынтасын арттырудағы айрықша рөлін көрсетеді. Ұлттық және халықаралық зерттеулердің нәтижелері soft skills-ті білім беру және туризм саласында дамытудың өзектілігін дәлелдейді.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеу жұмысы қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін soft skills дағдыларын қалыптастыру мәселесіне және осы дағдыларды дамытуда туризмнің, әсіресе оқу-танымдық саяхаттардың әлеуетін пайдалануға бағытталды. Soft skills – оқушылардың коммуникация, сыни ойлау, көшбасшылық, шығармашылық қабілет, топта жұмыс жасау, жауапкершілік сияқты әмбебап дағдыларын қамтиды. Бұл дағдылар білім беру сапасын арттырумен қатар, туризм саласында тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне, мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу нысаны – мектеп оқушыларының soft skills дағдылары және оларды дамытуға бағытталған оқу-танымдық туризм үдерісі.

Зерттеу пәні – оқушылардың soft skills дағдыларын дамытуға ықпал ететін саяхаттың тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті, сондай-ақ білім беру мен туризмді ықпалдастыру тетіктері.

Зерттеу құралдары

Зерттеу міндеттерін орындау үшін төмендегі құралдар қолданылды:

1. Сауалнама (Questionnaire).

- Оқушылардың soft skills дағдыларын (коммуникация, ынтымақтастық, көшбасшылық, сыни ойлау, шығармашылық қабілет) бағалау және олардың саяхатқа деген ынтасын анықтау мақсатында арнайы сауалнама әзірленді.
- Сауалнамада жабық сұрақтар (Likert шкаласы) мен ашық сұрақтар қатар қолданылды.

2. Рефлексия журналы (Reflection journal).

- Саяхатқа қатысқан оқушылар өз әсерлерін, ой-пікірлерін, қиындықтары мен жетістіктерін жазып отырды.
- Журнал арқылы оқушылардың өзін-өзі тануы, сыни тұрғыдан ойлауы, эмоцияларын басқаруы және коммуникациялық дағдылары айқындалды.

3. Сұхбат (Interview).

- Мұғалімдер мен оқушылардан алынған пікірлер саяхаттың тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін бағалауға көмектесті.
- Сұхбаттар жартылай құрылымдалған форматта жүргізіліп, деректер сапалық тұрғыда талданды.

Зерттеу әдістері

- Теориялық талдау. Soft skills ұғымының мазмұнын, құрылымдық элементтерін және білім беру мен туризм саласындағы рөлін айқындау мақсатында отандық және шетелдік әдебиеттерге шолу жасалды.
- Салыстырмалы талдау. Жас ерекшеліктеріне қарай оқушылардың soft skills дағдыларының қалыптасу деңгейі мен саяхат тәжірибесінің әсері салыстырылды.
- Әлеуметтік-педагогикалық талдау. Туризм және білім беру ықпалдастығы жағдайында soft skills дағдыларын дамытуға ықпал ететін педагогикалық, әлеуметтік және мәдени факторлар сараланды.
- Практикалық қорыту. Жиналған эмпирикалық деректер негізінде оқушылардың саяхатқа деген ынтасын арттыруға арналған әдістемелік ұсыныстар әзірленді.

Деректерді талдау тәсілдері

Жиналған деректер тек SPSS (Statistical Package for the Social Sciences) бағдарламасы арқылы өңделді. Сауалнама нәтижелері негізінде пайыздық көрсеткіштер, орташа мәндер, стандарттық ауытқулар, сондай-ақ көрсеткіштер арасындағы корреляциялық байланыстар анықталды. Рефлексия журналдары мен сұхбат жазбалары сапалық тұрғыда мазмұндық талдаудан өткізіліп, алынған деректер сандық нәтижелермен салыстырмалы түрде қарастырылды.

Зерттеудің сенімділігі мен валидтілігі

- Құралдардың мазмұндық валидтілігі педагогика және туризм саласының мамандары тарапынан сараптамадан өтті.
- Сауалнама шкалаларының ішкі біртұтастығы Cronbach's Alpha коэффициенті арқылы SPSS бағдарламасында тексеріліп, көрсеткіштің сенімді деңгейі қамтамасыз етілді.

Нәтижелер

Зерттеу жұмыстары Ыбырай Алтынсарин атындағы зияткерлік мектебінде жүргізілді. Зерттеуге 5–6 сынып оқушылары ($n=60$) қатыстырылды. Қатысушылардың жасы 10–12 аралығында, оның ішінде 32 қыз бала, 28 ұл бала болды.

1. Бастапқы диагностикалық нәтижелер

Зерттеу басында оқушылардың soft skills дағдыларының бастапқы деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері SPSS бағдарламасы арқылы талданды. Алынған деректер бойынша:

1 - кесте – 5–6 сынып оқушыларының soft skills дағдыларының орташа көрсеткіштері

Soft skills дағдысы	Орташа балл (M)	Стандартты ауытқу (SD)	Деңгейі
Коммуникация дағдылары	3.2	0.8	Орташа
Командалық жұмыс	2.9	0.7	Төмен–орташа
Шығармашылық ойлау	3.1	0.6	Орташа
Көшбасшылық қасиеттер	2.7	0.9	Төмен

Коммуникация дағдылары ($M = 3.2$, $SD = 0.8$).

Зерттеу нәтижелері оқушылардың қарым-қатынас жасау қабілеттері орташа деңгейде екенін көрсетті. Бұл олардың пікірін жеткізе білу, сұрақ қоя алу, топ ішінде ойын ашық айту

қабілеті қалыптасқанын, бірақ толық жетілмегенін білдіреді. Стандартты ауытқудың ($SD = 0.8$) салыстырмалы түрде жоғары болуы кейбір оқушылардың бұл дағдыда жақсы дамығанын, ал кейбірінде әлі жеткілікті деңгейге жетпегенін аңғартады.

Командалық жұмысқа бейімділік ($M = 2.9$, $SD = 0.7$).

Бұл көрсеткіш оқушылардың бірге жұмыс жасау, өзара жауапкершілік пен рөлдерді бөлісе алу қабілеті төменнен орташа деңгейге дейін екенін көрсетеді. Кейбір оқушылар топтық жұмыстарда белсенділік танытса, басқалары әлі де жеке жұмысқа бейім болып келеді. Мұндай айырмашылықтар бірлескен тапсырмаларды орындауда қиындық тудыруы мүмкін.

Шығармашылық ойлау ($M = 3.1$, $SD = 0.6$).

Шығармашылық қабілет көрсеткіші орташа деңгейде байқалды. Бұл оқушылардың стандартты тапсырмаларды орындаудан бөлек, жаңа идея ұсыну немесе ерекше шешім табу қабілеттері бар екенін, бірақ оны үнемі іске асыра алмайтынын көрсетеді. $SD = 0.6$ болғандықтан, нәтижелер біркелкі, яғни оқушылардың көпшілігі осы шамада даму деңгейінде.

Көшбасшылық қасиеттер ($M = 2.7$, $SD = 0.9$).

Ең төмен нәтиже көшбасшылыққа қатысты болды. Бұл оқушылардың жауапкершілікті өз мойнына алу, өзгелерді ұйымдастыру немесе шешім қабылдауда бастамашы болу қабілеттері әлсіз екенін көрсетеді. Стандартты ауытқудың жоғары болуы ($SD = 0.9$) оқушылар арасында айырмашылықтың көп екенін білдіреді: кейбіреулері көшбасшылық қабілет көрсетсе, басым бөлігі мұндай белсенділік танытпайды.

Бұл деректер мектеп оқушыларының soft skills дағдыларын мақсатты түрде дамыту қажеттілігін көрсетті.

2. Эксперименттік жұмыс нәтижелері

Зерттеу барысында оқушыларға бірнеше тәрбиелік мәні бар танымдық және мәдени-танымдық саяхаттар ұйымдастырылды. Әр саяхат соңында оқушылар рефлексиялық журнал толтырды, онда олар саяхаттан алған әсерлерін, жаңа үйренген дағдыларын және өзін-өзі бағалауын көрсетті.

Ұйымдастырылған саяхаттардың мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалды:

«Туған өлке тарихымен танысу» – жергілікті өлкетану мұражайына саяхат. Мұнда оқушылар топтық жұмыс барысында гидтен ақпарат жинап, оны бірге талқылады.

«Ұлы дала өркениеті ізімен» – тарихи-мәдени ескерткіштерге саяхат. Бұл саяхатта оқушылар өз ойларын ортаға салып, шағын топтарда шығармашылық тапсырмалар орындады.

«Жасыл әлемге саяхат» – табиғат аясында экологиялық бағыттағы саяхат. Мұнда оқушылар топпен бірге зерттеу жүргізіп, табиғатқа байланысты ұсыныстар дайындады.

«Мәдениеттер тоғысы» – театр және көркемсурет галереясына бару. Бұл саяхат оқушылардың эстетикалық талғамын дамытып қана қоймай, коммуникация мен көшбасшылық қабілеттерін жетілдіруге ықпал етті.

Осы саяхаттар арқылы оқушылар өздерінің қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіріп, топтық жұмыс барысында белсенділік танытып, жаңа ортада өзін еркін ұстауға үйренді.

Сандық нәтижелер

Жиналған мәліметтер SPSS бағдарламасында талданды. Эксперименттік кезеңнің соңғы нәтижелері төмендегідей болды.

2 - кесте – 5–6 сынып оқушыларының soft skills дағдыларының орташа көрсеткіштері

Soft skills дағдысы	Бастапқы орташа балл	Эксперимент соңындағы орташа балл	t-мәні	p-мәні	Өзгеріс
Коммуникация дағдылары	3.2	4.0	4.52	<0.01	Айтарлықтай өсті
Командалық жұмыс	2.9	3.8	5.01	<0.01	Айтарлықтай өсті
Шығармашылық ойлау	3.1	4.1	4.23	<0.01	Айтарлықтай өсті
Көшбасшылық қабілеттер	2.7	3.6	4.87	<0.01	Айтарлықтай өсті

Коммуникация дағдылары 3.2-ден 4.0-ге дейін көтерілді ($t=4.52$, $p<0.01$). Бұл нәтижелер саяхат барысында оқушылардың көпшілік алдында сөйлеу, пікірталасқа қатысу және сұрақ қою дағдылары айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді.

Командалық жұмысқа бейімділік 2.9-дан 3.8-ге дейін өсті ($t=5.01$, $p<0.01$). Бұл әсіресе экологиялық және тарихи бағыттағы саяхаттарда топтық тапсырмалар орындаудың тиімді болғанын дәлелдейді.

Шығармашылық ойлау 3.1-ден 4.1-ге көтерілді ($t=4.23$, $p<0.01$). Театр мен галереяға бару барысында оқушылар жаңа идеяларды ұсыну, бейнелеу өнерін түсіну және өз көзқарасын қалыптастыру мүмкіндігін алды.

Көшбасшылық қасиеттер 2.7-ден 3.6-ға дейін жақсарды ($t=4.87$, $p<0.01$). Бұл әсіресе табиғаттағы саяхат пен музей ішіндегі шағын топтық жұмыстарда оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін шыңдағанын көрсетеді.

3. Рефлексиялық журналдардағы сапалық талдау

Оқушылардың жазбаларына негізделген soft skills дағдыларының дамуы

Коммуникация

Оқушылар саяхат кезінде мұғалімдермен және сыныптастарымен еркін тілдесуге, ой бөлісуге үйренгенін атап өткен. Бұл олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, өз пікірін ашық жеткізуге, өзгелерді тыңдауға мүмкіндік берген. Коммуникациялық қабілеттердің дамуы олардың болашақтағы академиялық және әлеуметтік өміріне оң ықпал ететіні байқалады.

Командалық жұмыс

Саяхат барысында орындалған топтық тапсырмалар кезінде оқушылар бір-біріне қолдау көрсетіп, рөлдерді бөлісу арқылы ортақ нәтижеге жетуге ұмтылған. Мұндай тәжірибе ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырып, әр оқушының ұжымдағы орнын түсінуіне жағдай жасаған.

Шығармашылық

Тарихи-мәдени орындарға барған кезде оқушылардың қиялы мен ойлау кеңістігі

кеңейіп, шығармашылық тұрғыдан ойлауға талпыныстары артқан. Жазбаларда кейбір оқушылар өз әсерлерін суреттеу үшін бейнелі сөздер мен ерекше салыстыруларды қолданғаны көрінеді. Бұл олардың креативті ойлау қабілеттерінің дамығанын дәлелдейді.

Көшбасшылық

Кейбір оқушылар саяхат барысында топ жетекшісі болуға белсенділік танытып, жауапкершілікті өз мойнына алған. Мұндай әрекеттер көшбасшылық дағдылардың қалыптасып келе жатқанын және болашақта оларды ұйымдастыру қабілеті жоғары тұлға ретінде жетілдіруге мүмкіндік бар екенін көрсетеді.

4. Жыныс ерекшелігіне байланысты айырмашылықтар

SPSS бағдарламасы арқылы жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері 5–6 сынып оқушыларының soft skills дағдыларының дамуы жынысына байланысты әртүрлі екенін көрсетті. Эксперименттік кезеңде қыз балалардың дағдылардың өсу қарқыны ұлдарға қарағанда жоғары болды. Мысалы, қыз балалардың коммуникация дағдылары $\Delta=+0.9$, шығармашылық ойлауы $\Delta=+1.1$ көрсеткіштерімен айтарлықтай артты. Бұл олардың саяхат барысында өз ойларын ашық айтуға, пікір алмасуға және шығармашылық тапсырмаларды орындауға белсенді қатысқанын дәлелдейді. Ал ұл балалардың командалық жұмысқа бейімділігі $\Delta=+0.7$, көшбасшылық қабілеттері $\Delta=+0.8$ көрсеткіштерімен көбірек дамығаны байқалды. Бұл ұл балалардың топтық тапсырмаларға белсенді қатысып, бір-бірімен тиімді қарым-қатынас жасау арқылы командалық дағдыларын жетілдіргенін және кейде топ жетекшісі рөлін атқарып, көшбасшылық қасиеттерін дамытқанын көрсетеді. Жалпы, бұл нәтижелер қыз балалардың коммуникация және шығармашылық бағытында, ал ұл балалардың командалық жұмыс және көшбасшылық бағытында басым дамығанын көрсетеді, сондай-ақ білім беру процесінде жыныс ерекшеліктерін ескере отырып soft skills дағдыларын дамыту стратегиясын жоспарлаудың маңызды екенін дәлелдейді.

Талқылаулар

Зерттеу нәтижелері мектеп оқушыларының саяхатқа деген қызығушылығын арттыруда soft skills дағдыларының маңызды рөл атқаратынын көрсетті [1]. Бастапқы диагностикалық кезеңде оқушылардың коммуникация, командалық жұмыс, шығармашылық ойлау және көшбасшылық дағдылары орташа деңгейде болған, бірақ тәжірибе барысында олардың барлығы айтарлықтай жақсарды [2]. Бұл тұжырымдар туристік іс-әрекеттердің оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуына оң әсер ететінін растайды [3].

Коммуникация дағдылары саяхат кезінде оқушылардың өз ойларын ашық айтуға, пікір алмасуға және жаңа ақпаратты бөлісуге үйренгенін көрсетті [4]. Мысалы, музейлер мен экскурсияларда оқушылар экскурсоводпен белсенді сөйлесті, бұл олардың туризмге қызығушылығын арттырды [5].

Командалық жұмыс арқылы оқушылар бір-бірімен өзара әрекеттесіп, жауапкершілікті бөлісуді үйренді [6]. Бұл әсіресе топтық практикалық тапсырмалар мен ойындар кезінде тиімді болды [7].

Шығармашылық ойлау саяхат тәжірибелері кезінде оқушылардың жаңа идеялар мен ұсыныстар жасауға деген қабілетін дамытты [8]. Олар экскурсиядан кейін топтық жобаларда өз әсерлерін креативті түрде көрсете алды.

Көшбасшылық қасиеттер оқушыларға топ жетекшісі ретінде өздерін сезінуге және жауапкершілікті өз мойнына алуға мүмкіндік берді [9]. Бұл олардың саяхатқа деген

белсенділігін және туризм саласындағы қызығушылығын арттырды.

Жалпы, зерттеу көрсеткендей, мектеп оқушыларының саяхатқа қатысуы арқылы soft skills дағдыларын дамыту олардың туризмге деген ынтасын тиімді арттырады [10].

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері мектеп оқушыларының саяхатқа деген ынтасын арттыруда soft skills дағдыларының айрықша рөл атқаратынын көрсетті. Алынған мәліметтер бойынша, саяхат барысында оқушылардың коммуникация, командалық жұмыс, шығармашылық ойлау және көшбасшылық қабілеттері айтарлықтай дамыған. Бұл олардың әлеуметтік белсенділігін, өз ойын ашық білдіру қабілетін, топ ішінде тиімді қарым-қатынас жасауын және жауапкершілікті өз мойнына алуға бейімділігін арттырды.

Зерттеу барысында жас ерекшеліктеріне байланысты soft skills дағдыларының қалыптасу деңгейі әртүрлі екені анықталды. Бастауыш сынып оқушылары үшін саяхат қоршаған ортаны тану және топтық іс-әрекеттерге қатысу арқылы танымдық дағдылар мен командалық жұмысты дамытуға тиімді болды. Орта буын оқушылары коммуникация мен шығармашылық қабілеттерді жетілдірсе, кейбір көшбасшылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ жыныс ерекшеліктері байқалды: қыз балалар коммуникация және шығармашылық бағытында, ал ұл балалар командалық жұмыс және көшбасшылық бағытында жоғары нәтижелер көрсетті.

Саяхат тәжірибесі оқушылардың soft skills дағдыларын нақты өмірлік жағдайларда қолдануға үйретіп, олардың тұлғалық дамуына және туризмге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін тиімді құрал екенін дәлелдеді. Бұл білім беру мен туризмді ықпалдастыру арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына, әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыруға және саяхатқа деген мотивациясын нығайтуға бағытталған педагогикалық әдістемелерді әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

Мектеп оқушыларының саяхатқа деген ынтасын арттыру үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес іс-әрекеттерді ұйымдастыру қажет: бастауыш сынып оқушылары үшін қарапайым топтық тапсырмалар мен табиғатқа бағытталған саяхаттар, орта буын үшін пікір алмасу мен шығармашылыққа арналған мәдени-танымдық саяхаттар, жоғары сынып оқушылары үшін сыни ойлау мен көшбасшылықты дамытатын күрделі жобалар. Саяхаттар барысында коммуникация, командалық жұмыс, шығармашылық және көшбасшылық дағдыларын жүйелі түрде дамытуға, мұғалімдер тарапынан қолдау көрсетуге, жыныс ерекшеліктерін ескеруге және нәтижелерді рефлексиялық журналдар мен топтық талқылаулар арқылы бағалауға болады.

Осылайша, зерттеу мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, саяхат арқылы soft skills дағдыларын дамыту олардың тұлғалық және әлеуметтік әлеуетін арттыруда, сонымен қатар туризмге деген қызығушылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Алынған нәтижелер білім беру процесінде soft skills дағдыларын жүйелі түрде дамытуға арналған практикалық ұсыныстар мен педагогикалық стратегияларды құруға негіз болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан BR28713097 нөмірлі грант аясында қаржыландырылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұмабаева Г. А. Soft skills дағдыларының оқушылардың тұлғалық дамуына ықпалы // Педагогика және психология. – 2021. – №2. – Б. 45–52.
2. Өлкебаева А. Ж. Мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай танымдық қабілеттерін дамыту. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 178 б.
3. Қазақстан Республикасының туристік саланы дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана: ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, 2023.
4. Сарбасова Қ. А. Туризм саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 210 б.
5. Нұржанова А. Туризм және мәдениетаралық коммуникациядағы soft skills дағдыларының рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2022. – №3. – Б. 98–105.
6. Мухина В. С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. – М.: Академия, 2019. – 456 с.
7. Киселева Н. Н. Формирование soft skills у школьников в процессе внеурочной деятельности // Вопросы психологии. – 2020. – №5. – С. 112–118.
8. Смирнова Т. В. Путешествия как средство воспитания и развития личности учащихся // Педагогическое образование. – 2022. – №3. – С. 74–81.
9. Карпова Г. А. Развитие soft skills у студентов туристских специальностей в процессе обучения // Туризм и гостеприимство. – 2020. – №2. – С. 45–52.
10. Сидорова Н. В. Туризм в воспитании школьников: развитие коммуникативных и социальных навыков // Педагогика и психология образования. – 2021. – №4. – С. 112–118.
11. Heckman J., Kautz T. Hard evidence on soft skills // Labour Economics. – 2012. – Vol. 19, №4. – P. 451–464. DOI: 10.1016/j.labeco.2012.05.014.
12. Robles M. M. Executive perceptions of the top 10 soft skills needed in today's workplace // Business Communication Quarterly. – 2012. – Vol. 75, №4. – P. 453–465. DOI: 10.1177/1080569912460400.
13. Zehrer A., Mössenlechner C. Key competencies of tourism graduates: The employers' point of view // Journal of Teaching in Travel & Tourism. – 2009. – Vol. 9, №3–4. – P. 266–287. DOI: 10.1080/15313220903445215.
14. Succi C., Canovi M. Soft skills to enhance graduate employability: Comparing students and employers' perceptions // Studies in Higher Education. – 2020. – Vol. 45, №9. – P. 1834–1847.
15. Fidan F. The importance of soft skills in tourism education // Journal of Tourism and Gastronomy Studies. – 2019. – Vol. 7, №2. – P. 1234–1245.
16. Richards G., Wilson J. The impact of cultural events on city tourism: Lessons from Barcelona // Tourism Management. – 2004. – Vol. 25, №1. – P. 81–97.
17. OECD. Developing students' social and emotional learning: Lessons from international practice. – Paris: OECD Publishing, 2021. DOI: 10.1787/178ef527-en.
18. Vasconcelos S., Correia A. I., Oliveira M. Soft skills in action: developing tourism students skills through interdisciplinarity // ICOTTS 2021: Proceedings. – Springer, 2022. – P. 55–68.
19. Silva G., Correia A. I., Oliveira M. The role of soft skills in the tourism industry and the challenges for HEIs: the case of Portugal // Florence Conference Proceedings. – 2020. – P. 112–120.

20. Rienda L., Ruiz-Fernández L., Andreu R. Soft skills in the tourism industry of the future: a comparison between Italy and Spain // *Journal of Tourism Futures*. – 2024. – Vol. 10, №2. – P. 145–160.

REFERENCES

1. Jūmabaeva G. A. Soft skills daǵdylarynyñ oquşylardyñ tūlǵalyq damuyna yqpaly [The influence of soft skills on students' personal development] // *Pedagogika jäne psihologia*. – 2021. – №2. – B. 45–52.
2. Älkebaeva A. J. Mektep oquşylarynyñ jas erekselikterine qarai tanymdyq qabiletterin damytu [Development of cognitive abilities of schoolchildren according to age characteristics]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 178 b.
3. Qazaqstan Respublikasynyñ turistik salany damytudyñ 2023–2029 jyldarǵa arnalǵan tūjyrymdamasy [Concept for the development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. – Astana: QR Mädeniet jäne sport ministrlıǵı, 2023.
4. Sarbasova Q. A. Turizm salasynda kásıbi qūzyrettılıqtı qalyptastyрудыñ psihologialyq-pedagogikalyq negızderi [Psychological and pedagogical foundations for the formation of professional competence in the field of tourism]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2021. – 210 b.
5. Nūrjanova A. Turizm jäne mädenietaralyq kommunikasiadaǵy soft skills daǵdylarynyñ rölı [The role of soft skills in tourism and intercultural communication] // *QazÜU Habarşysy. Pedagogika seriasy*. – 2022. – №3. – B. 98–105.
6. Muhina V. S. Vozrastnaia psihologia: fenomenologia razvitia, detstvo, otrochestvo [Developmental psychology: phenomenology of development, childhood, adolescence]. – M.: Akademia, 2019. – 456 s.
7. Kiseleva N. N. Formirovanie soft skills u şkölnikov v prosesse vneurochnoi deiatelnosti [Formation of soft skills in schoolchildren during extracurricular activities] // *Voprosy psihologii*. – 2020. – №5. – S. 112–118.
8. Smirnova T. V. Puteşestvia kak sredstvo vospitania i razvitia lichnosti uchaşıhsä [Travel as a means of education and personal development of students] // *Pedagogicheskoe obrazovanie*. – 2022. – №3. – S. 74–81.
9. Karpova G. A. Razvitie soft skills u studentov turistskih spesiälnostei v prosesse obuchenia [Development of soft skills among tourism students in the learning process] // *Turizm i gostepriimstvo*. – 2020. – №2. – S. 45–52.
10. Sidorova N. V. Turizm v vospitanii şkölnikov: razvitie kommunikativnyh i sosiälnyh navykov [Tourism in the education of schoolchildren: development of communication and social skills] // *Pedagogika i psihologia obrazovania*. – 2021. – №4. – S. 112–118.
11. Heckman J., Kautz T. Hard evidence on soft skills // *Labour Economics*. – 2012. – Vol. 19, №4. – P. 451–464. DOI: 10.1016/j.labeco.2012.05.014.
12. Robles M. M. Executive perceptions of the top 10 soft skills needed in today's workplace // *Business Communication Quarterly*. – 2012. – Vol. 75, №4. – P. 453–465. DOI: 10.1177/1080569912460400.
13. Zehrer A., Mössenlechner C. Key competencies of tourism graduates: The employers' point of view // *Journal of Teaching in Travel & Tourism*. – 2009. – Vol. 9, №3–4. – P. 266–287. DOI: 10.1080/15313220903445215.

14. Succi C., Canovi M. Soft skills to enhance graduate employability: Comparing students and employers' perceptions // Studies in Higher Education. – 2020. – Vol. 45, №9. – P. 1834–1847.
15. Fidan F. The importance of soft skills in tourism education // Journal of Tourism and Gastronomy Studies. – 2019. – Vol. 7, №2. – P. 1234–1245.
16. Richards G., Wilson J. The impact of cultural events on city tourism: Lessons from Barcelona // Tourism Management. – 2004. – Vol. 25, №1. – P. 81–97.
17. OECD. Developing students' social and emotional learning: Lessons from international practice. – Paris: OECD Publishing, 2021. DOI: 10.1787/178ef527-en.
18. Vasconcelos S., Correia A. I., Oliveira M. Soft skills in action: developing tourism students skills through interdisciplinarity // ICOTTS 2021: Proceedings. – Springer, 2022. – P. 55–68.
19. Silva G., Correia A. I., Oliveira M. The role of soft skills in the tourism industry and the challenges for HEIs: the case of Portugal // Florence Conference Proceedings. – 2020. – P. 112–120.
20. Rienda L., Ruiz-Fernández L., Andreu R. Soft skills in the tourism industry of the future: a comparison between Italy and Spain // Journal of Tourism Futures. – 2024. – Vol. 10, №2. – P. 145–160.

Г. РИЗАХОДЖАЕВА Қауымдастырылған профессор Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: grizahodja@gmail.com	И. УСЕМБАЕВА Қауымдастырылған профессор Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: indira.usembayeva@ayu.edu.kz
Б. БАЙМУХАНБЕТОВ Профессор м.а. Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан) e-mail: bagdat.baimukhanbetov@ayu.edu.kz	15.06.25ж. баспаға түсті. 13.07.25ж. түзетулерімен түсті. 29.09.25ж. басып шығаруға қабылданды.

G. RIZAKHOJAEVA¹✉, I. USEMBAYEVA¹, B. BAIMUKHANBETOV¹

¹Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
 (Kazakhstan, Turkistan), e-mail: grizahodja@gmail.com

THE ROLE OF SOFT SKILLS IN INCREASING STUDENTS' MOTIVATION FOR TRAVEL (By Age Characteristics)

Abstract. *The article explores the role of soft skills in enhancing school students' interest and motivation for tourism. The study examines various types of tourism experiences – such as educational tourism, cultural tourism, and nature-based tourism – organized according to students' age characteristics. Through participation in tourism and travel activities, students effectively developed soft skills such as communication, teamwork, creative thinking, leadership, and problem-solving. Data were collected using questionnaires, observation, reflection journals, and interviews. The results showed a significant improvement in all assessed soft skills among students who*

participated in tourism experiences. Travel activities provided students with opportunities to meet new people, complete group tasks, find creative solutions, and take on responsibility. The findings indicate that tourism contributes to students' personal development and increases their interest in travel. Gender-based differences were also identified: girls showed greater progress in communication and creative thinking, while boys demonstrated stronger teamwork and leadership skills. The article highlights how integrating tourism into the educational process can effectively promote students' personal growth, foster motivation for travel, and enhance the use of tourism experiences. The educational, developmental, and social potential of tourism activities is analyzed, and practical recommendations are proposed. The study's outcomes suggest that tourism and travel can serve as powerful tools for fostering personal development and building soft skills among school-aged students.

Keywords: tourism, educational tourism, travel, soft skills, age characteristics, tourism experience.

Г. РИЗАХОДЖАЕВА¹✉, И. УСЕМБАЕВА¹, Б. БАЙМУХАНБЕТОВ¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (Казахстан, Туркестан), e-mail: grizahodja@gmail.com

РОЛЬ SOFT SKILLS В ПОВЫШЕНИИ ИНТЕРЕСА ШКОЛЬНИКОВ К ПУТЕШЕСТВИЯМ (С УЧЁТОМ ВОЗРАСТНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ)

Аннотация. В статье рассматривается роль soft skills в повышении интереса и мотивации школьников к туризму. В ходе исследования были проанализированы различные виды туристического опыта — образовательный, культурный и природный туризм, организованные с учётом возрастных особенностей учащихся. Участие в туристической и экскурсионной деятельности позволило школьникам эффективно развивать такие навыки, как коммуникация, командная работа, творческое мышление, лидерство и решение проблем. Для сбора данных использовались анкетирование, наблюдение, рефлексивные журналы и интервью. Полученные результаты показали значительное развитие всех исследуемых навыков у учащихся, принимавших участие в туристических мероприятиях. Путешествия предоставили детям возможность знакомиться с новыми людьми, выполнять групповые задания, находить творческие решения и брать на себя ответственность. В процессе поездок у школьников наблюдалось повышение уровня личностного развития и интереса к туризму. Также выявлены гендерные различия в развитии навыков: девочки проявили большую активность в коммуникации и творческом мышлении, а мальчики — в командной работе и лидерстве. В статье показано, что интеграция туризма в образовательный процесс способствует личностному росту учащихся, развитию интереса к путешествиям и эффективному использованию туристического опыта. Анализируются воспитательный, развивающий и социальный потенциал туристической деятельности, а также предлагаются практические рекомендации. Результаты исследования показывают, что туризм и путешествия могут эффективно использоваться как средство личностного развития и формирования soft skills у школьников.

Ключевые слова: туризм, образовательный туризм, путешествие, soft skills, возрастные особенности, туристический опыт.